

"Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 1605/16 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 желтоқсанда № 4213 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі № 391/12 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 10.04.2017 № 391/12 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" № 410 Жарлығына сәйкес Павлодар қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қолданыстағы заңнамаға сәйкес осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қаласының әкімі

Б. Бакауов

Павлодар қаласы әкімдігінің
2014 жылғы "26" қарашадағы
№ 1605/16 қаулысымен
бекітілген

"Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі жергілікті мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.
3. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.
5. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшысының шешімдерімен, өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат саны лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
9. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 140019, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Жетекші ауылы, Мұхтар Әуезов көшесі, 15.
10. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі:
дүйсенбі – жұма күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00 -ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі – жексенбі.
11. Мемлекеттік органның мемлекеттік тілдегі толық атауы: "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;
- орыс тілінде: государственное учреждение "Аппарат акима села Жетекши".
12. Павлодар қаласының әкімдігі тұлғасында "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.
13. Осы Ереже "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің

құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілермен "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, мақсаты, қызметінің мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

16. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

17. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мақсаты ауыл әкімінің ведомствоның қарамағындағы аумақта мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі қызметін қамтамасыз ету болып табылады.

18. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметінің мәні: ауыл әкімінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

19. Міндеттері:

1) ауыл әкімінің нормашығармашылық қызметін қамтамасыз ету;

2) ауыл әкімінің шешімдерін және өкімдерін қабылдау, оларды тиісті ұйымдар мен азаматтарға уақытылы жеткізу;

3) Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, басқа да нормативтік құқықтық актілерін, облыс және қала әкімдігінің қаулыларын, облыс және қала әкімдерінің шешімдері мен өкімдерін орындауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

4) ауыл әкімінің қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету, қызметтік құжаттарды, азаматтардың өтініштерін қарастыру, келіп түскен құжаттарды талдау, мемлекеттік және басқа тілдердің қызметін қамтамасыз ету, азаматтар қабылдауын ұйымдастыру;

5) ауыл әкімінің қатысуымен өтетін отырыстарды, мәжілістерді, семинарларды өткізууді қамтамасыз ету;

6) мемлекеттік мекеме әкімшісі болып табылатын қалалық бюджеттік

бағдарламаларды бекіту үшін қала әкімдігінің қарастыруына өзірлеу және енгізуді қамтамасыз ету.

20. Функциялары:

- 1) ұндеулерді, өтініштерді, занды және жеке тұлғалардың шағымдарын қарау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі шараларды қабылдау;
- 2) салықтарды және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді жинауға ықпал ету;
- 3) тиісті мәслихатпен бекіту үшін әкім аппаратының әкімшісі болып табылатын бюджеттік бағдарламаларды жоғарыда тұрған әкімдікке өзірлеу және енгізу;
- 4) Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің зандарын, актілерін, орталық және жергілікті атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерін азаматтар мен занды тұлғалардың орындалуына ықпал ету;
- 5) өз құзыretі шегінде жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;
- 6) ауылдың мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ауылдағы автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту, жөндеу және ұстау;
- 7) шаруа қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға ықпал ету;
- 8) әскери міндет пен әскери қызмет, азаматтық қорғаныс, сондай-ақ жұмылдыру дайындығы мен дайындық мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының өз құзыretі шегінде орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte нотариалдық әрекетті жасауды ұйымдастыру;
- 10) тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 11) мүгедектерге көмек көрсетуді ұйымдастыру;
- 12) дene шынықтыру және спорт атқарушы уәкілдегі органдарымен және қоғамдық бірлестіктерімен бірлесе отырып мүгедектер арасында сауықтыру және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру;
- 13) мүгедектер қоғамдық бірлестіктерімен бірлесе отырып, мәдени-көпшілік және ағартушылық іс-шараларын ұйымдастыру;
- 14) халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарына қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіру;
- 15) ауылдың денсаулық сақтау ұйымдарына кадрлық қамтамасыз етуге ықпал ету;
- 16) жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына ықпал ету;

- 17) қоғамдық автокөлік қозғалысын ұйымдастыру;
- 18) көмек қажет болғанда, жақын маңда тұрған денсаулық сактау ұйымына ауруларды жеткізу;
- 19) республикалық маңыздағы қалада, облыстық маңыздағы астанада, қалада орналасқан мәдениет мекемесін қоспағанда мектепке дейінгі тәрбие және оқыту қызметін қамтамасыз ету;
- 20) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен қарым-қатынас жүргізу;
- 21) статистикалық және шаруашылық есебін жүзеге асыру;
- 22) жергілікті бюджет бекітілген кезде қала мәслихаты сессиясының жұмысына қатысу;
- 23) өз құзыреті шегінде ауылды сумен жабдықтауды және су пайдалану мәселелерін реттеуді қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- 24) ауылды абаттандыру, жарықтандыру, көгалданыру және санитарлық тазалау жұмыстарын ұйымдастыру;
- 25) туысы жоқ адамдарды жерлеуді және зираттар мен өзге де жерлеу орындарын тиісті қалпында күтіп-ұстау жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;
- 26) кәсіптік емес медиаторлардың тізілімін жүргізу;
- 27) елді мекен жерлерінде малдарды бағу үшін орындарды анықтау;
- 28) басқармаға берілген қалалық коммуналдық мүлікті, жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейінде сатып алу құқығысыз мүлікті жалдамаға (жалға) беру;
- 29) бюджеттен қаржыланатын, берілген коммуналдық мемлекеттік мекемелердің әрекетін және міндетті жұмыс көлемін (қызмет) басымдылық бағытын анықтау;
- 30) берілген коммуналдық мүліктің сақталуын қамтамасыз ету;
- 31) жергілікті атқарушы органның шешімімен бекітілген, басқармаға берілген қалалық коммуналдық мемлекеттік мекеменің жылдық қаржылық есеп беруін келісу;
- 32) коммуналдық қазыналық кәсіпорындарымен басқармаға берілген өндіріліп іске асырылатын тауар (жұмыс, қызмет) бағаларын белгілеу;
- 33) жергілікті бюджеттен берілген қалалық коммуналдық мемлекеттік мекемелердің жеке қаржыланыру жоспарын бекіту;
- 34) орталық уәкілетті органда, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде әкімдермен жіберілген өзін-өзі басқаруда бюджеттік базасын қолма-қол ақша аударуга арналған есебін қамтамасыз ету;
- 35) Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару заңнамасында көзделген, үнемделген немесе түскен бюджеттік қаражат есебінен қызметкерлерді еңбек келісім шартымен қабылдау;

36) Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасын сәйкес, өзінің екімінде қалған, орындалған мемлекеттік мекеме тауарын (жұмысын, қызметін) түсken және шығыс қаражатына жиынтық жоспарын құрастыру және бекіту;

37) заңнамада көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

21. Құқығы мен міндеттері:

Құқығы:

1) жергілікті бюджетті бекіткен кезде қала мәслихаты сессиясының жұмысына қатысу;

2) мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды, өзге де материалдарды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді сұрату және алу;

3) қала әкімдігі мәжілістеріне, қала әкімінің жиналыстарына қатысу;

4) жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын өзге де атқарушы органдардың мамандарын олардың басшыларының келісімімен жұмысқа тартуға;

5) мемлекеттік басқару органдарының, мұрағаттардың, ғылыми мекемелердің ақпараттық банктерін қолдану;

6) "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мұддесін барлық құзыретті мемлекеттік, әкімшілік органдарда, мекемелерде, ұйымдарда, сондай-ақ сот және құқық қорғау органдарында білдіруге;

7) өзінің құзыреті шегінде шарттар, келісімдер жасауға;

8) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарастыру және әкімшілік жазасалу;

9) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Міндеттері:

1) әкім аппаратының ұйымдастырушылық, құқықтық, ақпараттық, аналитикалық жұмысын жүзеге асыру және оны материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес тұрғындарға сапалы мемлекеттік қызмет көрсету;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасын іске асыру және қала мемлекеттік органдарының жүйесіне кадрлардың біліктілігін арттыру;

4) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

3. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

22. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты бірінші басшысы жүзеге асырады және "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттерді атқару үшін дербес жауап береді.

23. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Павлодар қаласы әкімдігінің қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

Мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының қызметі тандаулы болып табылады.

24. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттілігі:

1) "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады, оның қызметін басқаруды жүзеге асырады;

2) қала әкімдігіне "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы жобаларды бекіту үшін ұсынады, оның құрылымы мен штаттары бойынша ұсыныстар енгізеді;

3) "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлердің міндеттерін, функцияларын мен өкілеттіктерін анықтайды, тиісті атқарушылық және енбек тәртібін қамтамасыз етеді;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындейды және қызметтен босатады;

5) өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер мен өкімдер шығарады және нұсқаулар береді;

6) "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын бақылайды;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін ынталандыруды, оларға материалдық көмек көрсетуді, тәртіптік жаза қолдануды немесе оны алып тастауды жүзеге асырады;

8) қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

9) қала әкімдігі мен әкімінің актілерін, оның тапсырмаларын орындауды және құжаттардың "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде өтуін бақылау бойынша жұмысты үйлестіреді;

10) қала әкімінің қол қоюына және қарастыруына облыс әкімдігі мен әкім актілерінің жобасын, сондай-ақ қала әкімінің атына жолданатын өзге де құжаттар мен материалдарды ұсынады;

11) "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде ішкі енбек тәртібін белгілейді;

- 12) "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің шығыстар сметасын бекітеді және оның шегінде қаржы қаражаттарын басқарады;
- 13) қызметтік құжаттамаларға қол қояды;
- 14) "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметшілерін іссапарға жібереді;
- 15) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;
- 16) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарда "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;
- 17) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдарының басшыларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады, Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленетін тәртіпте оларды аттесттаудан өткізеді;
- 18) "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызмет-керлерін және ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының басшыларын тәртіптік жауапкершілікке тарту жөніндегі мәселені қарастырады және тәртіптік жауапкершілікке тартады;
- 19) "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің перспективті және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді;
- 20) "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған шараларды қабылдайды және дербес жауап береді;
- 21) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.
25. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңінде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.
26. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мен коммуналдық мүлікті басқару уәкілетті органы (жергілікті атқару органы) арасындағы қарым-қатынас қолданыстағы заңнамамен реттеледі.
27. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мен үйлестіретін саласындағы уәкілетті органы (жергілікті атқару органы) арасындағы қарым-қатынас қолданыстағы заңнамамен реттеледі.
28. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен Еңбек ұжымы арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексімен және ұжымдық шартпен белгіленеді.

4. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

29. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

30. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

31. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өзге бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алғанған мүлікті өз бетімен иелікten шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату)

32. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

33. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қысқартылған (таратылған) кезде кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік қалалық коммуналдық меншігінде қалады.

6. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

34. "Жетекші ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қарамағында мынадай ұйым бар:

"Жетекші ауылы әкімі аппаратының Мәдени ойын-сауық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.